


**Осакаровка ауданы әкімдігінің «Нұрай» бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

«Киіз үй» шағын жобасы



**Орындаған :
Қазақ тілі мұғалімі Алишахманова Г.К.**

Осакаровка 2018 ж.

**Осакаровка ауданы әкімдігінің «Нұрай» бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

«Қазақтың ұлттық киімдері» шағын жобасы



**Орындаған :
Қазақ тілі мұғалімі Алишахманова Г.К.**

Осакаровка 2018 ж.

Осакаровка ауданы әкімдігінің «Нұрай» бөбекжайы» комуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

«Менің елім ,менің Қазақстаным» жобасы



Орындаған :
Қазақ тілі мұғалімі Алишахманова Г.К.

Осакаровка 2018 ж.

«Қазақтың ұлттық аспаптары» жобасы



Осакаровка 2018 ж.

**Осакаровка ауданы әкімдігінің «Нұрай» бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Мерекелік іс-шара
«Тәуелсіз, елім Қазақстан »



Орындаған :
Қазақ тілі мұғалімі Алишахманова Г.К.

Осакаровка 2018 ж.

**Осакаровка ауданы әкімдігінің «Нұрай» бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Шағын жоба
«Рухани жаңғыру»



Орындаған :
Қазақ тілі мұғалімі Алишахманова Г.К.

Осакаровка 2018 ж.

**Осакаровка ауданы әкімдігінің «Нұрай» бөбекжайы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Ақыл-кеңес
«Туған жер»



Орындаған :
Қазақ тілі мұғалімі Алишахманова Г.К.

Осакаровка 2018 ж.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



**БІЗ ХХІ ҒАСЫРДЫҢ
ЖАҢАНДЫҚ КАРТАСЫНДА
ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар
ҰЛТ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК, ӘЛЕМ БІЗДІ
мәдени жетістіктерімізбен тануы керек**

Н.Ә.Назарбаев





ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

100

ЖАҢА ЕСІМ

ТАБЫСТЫ АДАМДАР-ТАБЫСТЫ ЕЛ




100ESIM.EL.KZ САЙТЫНАН ЕЛІМІЗДІҢ БҮГІНГІ КҮНГІ ҚАҺАРМАНДАРЫ ТУРАЛЫ БІЛУГЕ БОЛАДЫ



Қошаканы қойдың,
Қайда қалып қойдың?
Бұлтиып тұр бүйірің.
Қай өрістен тойдың?



Пеш қасында мысық отыр.
Аздап көзін қысып отыр.
Тышқан етін жегісі кеп,
Тісі оның қышып отыр.



Аң патшасы – Арыстан,
Ақылды да, данышпан.
Қамын ойлап орманның
Келе жатыр алыстан.



Торғай, торғай, тоқылдақ,
Жерден тары шоқып – ап,
Бөтекесі бұлтиып,
Шиқ-шиқ етіп отырмақ.



Ақ көбелек, көк көбелек.
Ала қанат, көп көбелек.
Қызыл, жасыл, сары,
Гүлге қонды бәрі.




Әй, қу түлкі, қу түлкі,
Аяғыңды жу, түлкі.
Жасырмасаң ізінді,
Боларсың-ау, сен, күлкі.



Ешкімнен де қорықпайм,
Деп ойлаған тышқан.
Жаңа ғана зытып,
Өтті осы тұстан.



Ірімшікке тойып,
Тышқан ойға шомды.
Кеміргенді қойып,
Енді ұйықтамақ болды.




-Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?
-Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.



Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына,
Қиығын сап көзінің.
Келе жатқан томпаңдап,
Көжегі екен өзінің.




Аспандағы жұлдыздарды
Қолыма ұстап көрсем ғой,
Уысыма толтырып-ап,
Мамама әкеп берсем ғой.
Моншақ етіп тізіп –ап,
Мойныма тақсам ғой.
Көршілерге сұраса егер,
Бір-екеуін сатсам ғой.




Жылқы сүйеді баласын
құлыным деп,
Тұлпар болып жүгірер
жұрыным деп.



Сиыр сүйеді баласын
торпағым деп,
Қараңғыға баспаған
қорқағым деп.




Ешкі сүйеді баласын
лағым деп,
Тастан-тасқа секірген
шұнағым деп.



Мен ұялшақ картопшын,
Мен емеспін мақтанар.
Мені жақсы көреді
Үлкендер мен балалар.




Жайыласың жырақта,
Бұзауым-ау, бұзауым.
Ұнамайды бірақ та,
Тым алысқа ұзауың.



Томпаң-томпаң торай,
Дауысыңның зоры-ай.
Дөкей бола қаласың,
Толысымен он ай.



Күшік, мысық, балапан,
Қуыршағым, балақан,
Көне, бәрің, тұрындар.
Ойын-сауық құрындар.



Боламын деп демеуіш,
Барлық-барлық тағамға.
Көкөністер ішінен
Мен пайдалы адамға



Ақша қарға малынып,
Аппақ тонын жамылып,
Сақалы мен мұртына
Күміс моншақ тағылып,
Аяз ата келеді
Балаларды сағынып.



Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Көкте қызыл-жасылды
Кемпірқосақ асылды.




Циркте жүрт самсаған
Мәз болса деп жан салам.
Ду күлдірсем оларды,
Қуанамын мен соған.

Қадыр Мырза Әли



Ұзын мұртты құмырсқа
Келе жатыр жұмысқа.




Піскен кезде қызанақ,
Көз тартар қызыл түсімен.
Бар ма адам сүйсінбей
Томат шырынын ішпеген?




Көкөністер бәрі де,
Денсаулыққа пайдалы.
Мұны жақсы біліңдер,
Оларды жақсы көріңдер.



Менің атым – Кран.
Оңға-солға бұрам.
Көтеріп – ап жүкті,
Тиеп беріп тұрам.



Досым маған ойыншық
Машинасын сыйлады.
Бірақ оның ішіне
Саусағым да сыймайды.




Көтереді піл,
Ауыр жүкті зіл.
Тек түмсыққа іл.
Мұны, балам, біл.



Зообақтан көріп,
Мойны өзіне көрік,
Таң-тамаша болдым,
Қандай сұлу керік!




Ойыншығым қуыршақ,
Не берсем де жемейді.
Еркелігі соншалық
Көтермесем жүрмейді.



Денесі оның алып,
Ақ кит үлкен балық.



Мен өскенде алып
Машинаны жүргізем.
Құрылысқа барып,
Өз пайдамды тигізем.



Кім бар сәбіз шырынын
Жастайынан ішпеген?
Мені жеген адамдар
Кем болмайды күшке де.



Көзді ақырын қысып,
Қоймаға кірді мысық.
Тышқан біткен зытты,
Зәрулері ұшып.



Тікұшақпен шарықтап,
Самғап биік ұшамын.
Көк аспанда қалықтап,
Ақ бұлттарды құшамын.



Машиналар менде көп,
Өрт сөндіргіш аламын.
Абайсызда жанса от,
Жылдам жетіп барамын.



Ракетамен самғаймын,
Биік-биік ұшамын.
Бар ғаламды шарлаймын
Жұлдыздарды құшамын.



Қой сүйеді баласын
қоңырым деп,
Ештеңені білмейтін
момыным деп.




Алма кетті домалап,
Көше бойын жағалап.
Кім алманы табады,
Сол ойыннан шығады.



Жазда келді құстар,
Құстар біздің достар.



Аю отыр партада,
Екі қолы қалтада.
Апай сабақ сұраса,
Ұйықтап қалыпты,
масқара!



Нан қиқымын шашпаңдар,
Жерде жатса, баспаңдар.
Теріп алып, қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.

Өзектілігі

Киіз үй – қазақ халқының өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге келе жатқан заттық, тұрмыстық мәдениеттің көрінісі. Бұл жұмыстың мақсаты киіз үйдің ата - бабаларымыздың өмірінде алған орны туралы түрлі пікірлерді келтіре отырып, бүгінгі ұрпақтың бойына мәдени мұраларға деген көзқарасты қалыптастыру, тәуелсіз елімізге деген патриоттық сезімдерін дамыту болып табылады.

Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы: Егер біз осы бабаларымыздан қалған ең қымбат мұралардың бірі – киіз үйді сол кездегі ата - бабаларымыз сияқты қастерлеп, оның қасиетін, құдіретін келер ұрпаққа жеткізер болсақ олардың бойына рухани құндылықтарды бағалай білетін ұлттық және патриоттық санасы жоғары тұлға қалыптасады.

Зерттеудің теориялық мәнділігі: Киіз үй туралы ғылыми жоба немесе курстық жұмыс дайындағанда көмекші құрал болады. Сонымен қатар оқушыларға мәлімет жинауға септігін тигізеді.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: Оқушыларға киіз үй жабдықтағанда немесе

кездестіргенде көмегін тигізеді және өз елінің ертедегі тұрмысымен танысады.

Зерттеудің жаңалығы мен дербестік нәтижесі:

- киіз үй туралы тәлімдік, тәрбиелік көзқарастарға талдау жасалды;
- киіз үйдің ата - бабаларымыздың өмірінде алған орнын көрсету;
- киіз үйдің бөліктері мен түрлері жайында түсінік берілді;
- киіз үйді жаңа ғасыр талабына қарай жабдықтау

Жұмыстың орындалу әдістері: Тарихи деректермен танысу, оларды жинақтау, қорыту, салыстырмалы талдау жасау, тұжырымдау.



Описание слайда:

Ғылыми жоба Тақырыбы:



№ слайда

Описание слайда:


Халқымыздың ежелден келе жатқан баспанасы - киіз үй жайлы мәлімет беру. Оның құрылысымен таныстыру.



№ слайда

Описание слайда:

Оқушыларға киіз үй, оның құрылысы, тігілуі, пайдасы жайлы түсінік қалыптастыру. Киіз үй туралы мәліметтер жинау.



№ слайда

Описание слайда:

Зерттеу объектісі Киіз үй



№ слайда

Описание слайда:

Кіріспе Дәстүрлі қазақ көшпелі қоғамының материалдық мәдениет саласындағы үлкен бір жетістігі - киіз үй.

Жобаны негіздеу:

Көркем әдебиеттерден, оқулықтардан
мәліметтерді жинақтап, халқымыздың
ұғымына сай қорытынды шығару.

№ слайда

Описание слайда:

Жобаны негіздеу: Көркем әдебиеттерден, оқулықтардан мәліметтерді жинақтап, халқымыздың ұғымына сай қорытынды шығару.

Болжау:

Осы зерттеу жұмысы нәтижелі
орындалса, жас ұрпақ
санасына киіз үй туралы
мәдени мұра жандандыру.

№ слайда

Описание слайда:

Болжау: Осы зерттеу жұмысы нәтижелі орындалса, жас ұрпақ санасына киіз үй туралы мәдени мұра жандандыру.

Киіз үйдің тарихы


- Бүгінгі таңда киіз үйдің 2 мың жылдан астам тарихы бар екенін ғалымдар дәлелдеп отыр.
- Көшпелілер бұдан 2 жарым - 3 мың жыл бұрын өмір сүргендігі белгілі. Сақтарда үлкен арбаның үстіне орнатқан киіз жамылғылы, жиналмалы шошақ үйлері болған. Б.з.д. I мыңжылдықтың соңында ғұндар мен үйсіндерде уықты, шаңырақты, киізбен жабылған үйдің болғандығы дәлелденіп отыр. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден осы қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы-жалпы өмір мәдениетіне негізделген.
- Ал XX-XXI ғасырлардағы ғылым өткендері. Алғашқыда, бұдан бұрын, олардың өмір сүруіне қатысты зерттеулер жасап, жиналмалы шошақ үйлері болған. Б.з.д. I мыңжылдықтың соңында ғұндар мен үйсіндерде уықты, шаңырақты, киізбен жабылған үйдің болғандығы дәлелденіп отыр. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден осы қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы-жалпы өмір мәдениетіне негізделген.
- Ал XX-XXI ғасырлардағы ғылым өткендері. Алғашқыда, бұдан бұрын, олардың өмір сүруіне қатысты зерттеулер жасап, жиналмалы шошақ үйлері болған. Б.з.д. I мыңжылдықтың соңында ғұндар мен үйсіндерде уықты, шаңырақты, киізбен жабылған үйдің болғандығы дәлелденіп отыр. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден осы қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы-жалпы өмір мәдениетіне негізделген.
- Ал XX-XXI ғасырлардағы ғылым өткендері. Алғашқыда, бұдан бұрын, олардың өмір сүруіне қатысты зерттеулер жасап, жиналмалы шошақ үйлері болған. Б.з.д. I мыңжылдықтың соңында ғұндар мен үйсіндерде уықты, шаңырақты, киізбен жабылған үйдің болғандығы дәлелденіп отыр. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден осы қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы-жалпы өмір мәдениетіне негізделген.

№ слайда

Описание слайда:

Киіз үйдің тарихы Бүгінгі таңда киіз үйдің 2 мың жылдан астам тарихы бар екенін ғалымдар дәлелдеп отыр. Көшпелі сақтар бұдан 2 жарым - 3 мың жыл бұрын өмір сүргендігі белгілі. Сақтарда үлкен арбаның үстіне орнатқан киіз жамылғылы, жиналмалы шошақ үйлері болған. Б.з.д. I мыңжылдықтың соңында ғұндар мен үйсіндерде уықты, шаңырақты, киізбен жабылған үйдің болғандығы дәлелденіп отыр. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден осы қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы-жалпы өмір

тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII-XIII ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын орда, Ақ орда, Көк орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш. Уәлиханов айтқан. Тағы бір ерекше айта кетерлік жай: біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды десек те болады. Басқа елдердегідей емес, бұл ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады, әрі көшпелі құрылыс түріне жатады. Дала тұрғындарының тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. 1861 жылы Алмас деген кісі Париждегі Дүниежүзілік этнографиялық көрмеге киіз үй апарып, еуропалықтарды таң қалдырып, бәйге алған. 1876 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлы Петербургке, 1890 жылы Ибраһим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып қазақ мәдениетін Еуропаға паш еткен. 1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы І Николайға киіз үй сыйлап, патша ағзам оған өте риза болған. Майндағы Франкфурт қалаларындағы мұражайларда да қазақ киіз үйлері де бар. Қазақтың осындай байлығы мен сән-салтанатының куәсі болған киіз үйлер тәркілеу, соғыс, аштық, колхоздастыру сияқты жауыздық әрекет салдарынан құрып кетті. Сөйтіп, XX ғасырда қазақ мәдениетінің баға жетпес мұрасы - киіз үйдің құны мен маңызы төмендеді. Осы ғасырдың 90 жылдары қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлт мәдениетін, оның ішінде киіз үйдің қадірі мен орны өз дәрежесінде қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың өткізілуі және соған сәйкес ұлттық мәдениет рөлінің артуы киіз үйге деген көзқарасты айқындады. Той - думанда тігілген киіз үй сән-сәулетімен, өнер шеберлерімен, ұлттық дәулетімен, түрлі спорт жарыстарымен, дәрежеленетін болды. Ерекше атап айтар болсақ халықты таң қалдырған Торғай ордасы жұрттың әлі есінде. Алғаш рет Көкшедегі 1991 жылғы Абылай хан асында тігілген бұл орда басында 12 қанат, кейін 18 қанат болып көлемі ұлғайтылды. 1992 жылы қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайында, 1993 жылы Есет батыр, Шақшақ Жәнібек батыр асында, 1995 жылы Абай тойында тігіліп, бірнеше жүлделі бәйгелерге ие болды. Бұл орда бір ауылдың емес, бүкіл қазақ елі мәдениетінің, өнерінің үлкен табысы деп бағаланды.



№ слайда

Описание слайда:

Киіз үй Киіз үй - мал баққан көшпелі халықтардың қысы - жазы отыратын, өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әр түрлі болып келеді. Киіз үй - мал баққан көшпелі халықтардың қысы - жазы отыратын, өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әр түрлі болып келеді.



№ слайда


Описание слайда:

Киіз үйдің құрылысы Киіз үй ағаш, киіз бөліктерінен және баушадан тұрады. Үйдің ағаш саймандары 4 бөліктен: кереге, уық, шаңырақ және есіктен тұрады. Киіз үй ағаш, киіз бөліктерінен және баушадан тұрады. Үйдің ағаш саймандары 4 бөліктен: кереге, уық, шаңырақ және есіктен тұрады.



№ слайда
Описание слайда:

Кереге - киіз үйдің дөңгелек қабырғасын құрайтын, бірнеше жиналмалы бөліктен тұратын зат. Әрбір жеке бөлігі - қанат деп аталады. Уық - шаңырақ пен керегенің арасында дәнекер болып тұратын иінді шыбық ағаштар.




№ слайда
Описание слайда:

Шаңырақ - киіз үйдің төбесі. Ол "үй", "әулет" мағынасына да пайдаланылады. Оны "қара шаңырақ" деп атайды. Ұл бала әке шаңырағының иесі болып саналады. Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, жаңартады, ал шаңырақты жаңартпайды. Әдетте, шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді.




№ слайда
Описание слайда:

Сықырлауық - киіз үйдің ағаш есігі. Ашып - жапқанда одан шығатын дыбысқа қарай сықырлауық атаған. Бұл есік 2 жармалы болады. Оны өрнектеп, әшекейлеп жасайды.



№ слайда

Описание слайда:



№ слайда

Описание слайда:



№ слайда

Описание слайда:

Алдымен керегені жаяды.


Осыдан кейін шаңырақты көтереді. Әдетте шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді.



№ слайда
Описание слайда:

Осыдан кейін шаңырақты көтереді. Әдетте шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді.

Сонан соң уықтарды шаншыған. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра құрмен шалмалап таңады.



№ слайда
Описание слайда:

Сонан соң уықтарды шаншыған. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра құрмен шалмалап таңады.

Кейін есігін орналастырады.



№ слайда
Описание слайда:

Кейін есігін орналастырады.

Осыдан кейін үйдің киізін жауып, бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Бауы арқылы керегені уыққа бекімдеп байлайды.



№ слайда

Описание слайда:

Осыдан кейін үйдің киізін жауып, бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Бауы арқылы керегені уыққа бекімдеп байлайды.



Қазақы үйлер пайдалануына, сән-салтанатына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы:

- 1) қара үй (3 қанат)
- 2) қоңыр үй (4 қанат)
- 3) боз үй (5 қанат)
- 4) ақ үй (6 қанат)
- 5) ақ ала орда (8 қанат)
- 6) ақ орда (12 қанат)
- 7) ақ шаңқак (18 қанат)
- 8) алтын үздік (24 қанат)
- 9) алтын орда (30 қанат)

№ слайда

Описание слайда:

Қазақы үйлер пайдалануына, сән-салтанатына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы: 1) қара үй (3 қанат) 2) қоңыр үй (4 қанат) 3) боз үй (5 қанат) 4) ақ үй (6 қанат) 5) ақ ала орда (8 қанат) 6) ақ орда (12 қанат) 7) ақ шаңқак (18 қанат) 8) алтын үздік (24 қанат) 9) алтын орда (30 қанат)

Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді:



№ слайда

Описание слайда:

Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді:

Төр. Мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Бұл- киіз үйдің жоғары әрі сыйлы орны. Жас келіндер мұнда отырмайды.



№ слайда

Описание слайда:

Төр. Мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Бұл- киіз үйдің жоғары әрі сыйлы орны. Жас келіндер мұнда отырмайды.

Сол жақ (кіргенде оң жақ)- үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды.



№ слайда

Описание слайда:

Сол жақ (кіргенде оң жақ)- үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды.

Оң жақта (кіргенде сол жақ) балалар орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді. Қазақ атам келіндерін алғаш осы оң жаққа түсіріп, қара шаңырақ иесін осы босағада тәрбиелеген.



№ слайда


Описание слайда:

Оң жақта (кіргенде сол жақ) балалар орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді. Қазақ атам келіндерін алғаш осы оң жаққа түсіріп, қара шаңырақ иесін осы босағада тәрбиелеген.




№ слайда
Описание слайда:

От орны қасиетті орын болып саналады. Мұнда от жағылып, қазан асылады.




№ слайда
Описание слайда:

Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайына үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тігуге де болады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жауында су өтпейді. Кейде қыстан киіз үймен шығатын қазақтар туырлықты екі қабат етіп жабады. Үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен шалылап, қоралайды. Міне, осындай үйде ел даңқын асырып, намысты қолдан бермеген данышпандарымыз бен батырларымыз туып, өскендігін мақтанышпен айтуға болады. Әрқашан қоныс аударғанда таза жерге тігілген үйдің саф ауасы аспан, жер, сумен астасып, қасиетті қара шаңырақтың киесі, мүмкін осындай ұлылардың көкірегіне нұрлы сәулесін құйған болар.




№ слайда
Описание слайда:

Киіз үйге байланысты ұғымдар. Ұлттық ұғымда киіз үй және оның әрбір құрамдас бөлшегі қасиетті деп саналады. Соған орай ата-бабаларымыз әрбір затқа лайық ұлықтау, теңеу, бейнелеу сияқты ойлы ұғымдармен бірге тәрбиелік мәні бар қағидалы, қанатты сөздер де шығарған. Атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді қара шаңырақ деп құрметтейді. Қара шаңыраққа сәлем беру, одан дәм тату- ежелгі халық жоралғысы, “Шаңырағың биік болсын” деп бата берсе, “Шаңырағың ортасына түссін” деген қарғыстың ең ауыры да болған. Тыныш отыр, шамаңды біл дегенді білдіру үшін: “Шаңыраққа қара!” –деп, ескерту жасайды. “Керегең кең болсын” деп бата берсе, ұятқа қалған адамды “Керегеге таңылды” деген. Туырлыққа байланысты мал семіз болса: “Іш майы туырлықтай туырылып түсті”, – деп мақтайды. Махамбет батырдың: “Туырлығын тілгілеп, тоқым етсем деп едім. Керегесін кескілеп, отын етсем деп едім”, – дегені-кегімді алсам, дұшпанымды жеңсем дегені. Бақан арқылы қазақ мықтылықты меңзейді. “Бақандай бес жігіт” дегені қарулы мықтылықты ұқтырса, “барымды киіп, бақанымды таянып” дегені әзірленіп, күтініп отырмын дегенін білдіреді. Түндікке байланысты “түндігің түтінді болсын” деп бата береді. Жас әйел түндігін ерте ашса шаруақор, пысық екенігі, басқа үлкен үйдің түндігін ашса, әдептілігі көрінеді. Ал “түндігі ашылмай қалды” деген сөз сол үйдің адамдарының барлығының қайтыс болғандығын білдіреді. Есікке келсек әркім өз үйін алтын босағам деп дәріптейді. “Есік көрген” деп күйеуден қайтып келген әйелді айтса, күйеудің алғаш келуін “есік көре келді” деп “босаға аттар” деген ырымын жасаған. “Табалдырық аттады” деген өте жақсы сөз “келін болып түсті” дегенді сыпайылап, құрметтеп айтқаны. Босағаны керме, табалдырықты баспа, – деген тыйымдар әдептілікке шақырады. Кіріп келген бала табалдырыққа сүрініп жығылса, оны жақсы ырым деп жориды. Шиге байланысты: “Ши жүгіртті” деп түртпектеді, одан әрі ұшындырды дегенді білдірсе, “шыққан қыз шиден тысқары” деп тұрмысқа кеткен қыздың өз үйіне көп келе бермегені жөн екенін ескертеді. Қазақта үй сабау- жаман ырым, жаман әдет. Өші кеткендер үй сабайды. Бұл өш алудың немесе дауға, ұрысқа шақырудың белгісі. Дәулетті адамдар ұлы үйленгенде немесе қызын ұзатқанда ақ отау тігіп шығарады. Бұл- құрмет әрі сый белгісі. Сол сияқты отбасында, ошақ қасында, үй орнындай, кереге бойында, есік пен төрдей, от орнындай теңеулері мен сөз тіркестері бар. Ордабасы, Керегетас, Ақотау, Шаңырақ, Босаға, Қызылорда сияқты Қазақстанның жер атаулары да бар.




№ слайда
Описание слайда:

Қорытынды Халықтың бүкіл мәдени - шаруашылық - тұрмыстық болмысы оның этнографиясында көрініс табады. Ұлттық этнографиясын білмей оны тану қиын. Сондықтан бүгінде ұлттық құндылықтарға бет бұру жағдайында халықтың дәстүрлі мәдениетіне үлкен мән беріліп отыр.



№ слайда
Описание слайда:


Ғылыми жобаны орындаған: 4Б сынып оқушысы



№ слайда

Описание слайда:

Жоба жетекшісі: Тырнахан Батима.



№ слайда

Описание слайда:



Мақсаты

Балаларға қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрлері, пайдалану және тұтыну ерекшеліктері туралы түсінік беру. Балалардың эстетикалық талғамын арттырып, ұлттық киім тарихын зерттеуге қызығушылығын арттыру, ойын, қиялын, тілін дамыту. Сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, сөздік қорын дамыту және қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру.

Міндеттер

Білімділік: Балаларға қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрлері, пайдалану және тұтыну ерекшеліктері туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, ұлттық киім тарихын зерттеуге қызығушылығын арттыру, ойын, қиялын, тілін дамыту. Сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, сөздік қорын дамыту және қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру.

Тәрбиелік: Қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлауға, құрметтеуге, мақтан етуге, өркендетуге тәрбиелеу. Мемлекеттік тілді құрметтеуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі мен өнеріне қызығушылықтарын арттыру.

Ерлердің киімдері

- . Тымақ
- . Шапан
- . Етік
- . Мәсі
- . Тақия
- . Айыр қалпақ
- . Жарғақ шалбар



Әйелдердің ұлттық киімдері

- **Сәукеле** – әйелдің бас киімі, оны ұзатылған қыздар және оның жанына еріп жүретін құрбылар киген. Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақбау. Және артқы бойы. Сәукеленің төбесі қиық конус

тәрізді болып келеді. Оның төбесінде «Тәж» деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады.

Оны асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен әшекелейді. Сәукеленің төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Сәукелені өлшеп пішіп алып, ішіне астар, сырт жағына бидай шүберек ұстап жиі етіп сыриды. Одан соң оның сыртын қамқа, дүрия, торғын сияқты асыл матамен тыстайды.

-





Мәсі

Аяқ киімнің бір түрі, оны былғарыдан, шегіреннен, құрамнан тігеді. Мәсінің сыртынан кебінесе (галош) киеді. Көбінесе мәсінің қойыпты астарланып, көмкеріледі. Ал ұлт айы жалаң қабат болады. Ол тарамыспен ішкі жағынан жөрмеп немесе жара шаншыл өбістіре тігу арқылы ұлтарылады. Етікші

мәсі тіккенде ең алдымен мәсінің басын, қонышын жұқа былғарыдан, ұлтанын қалың былғарыдан пішіп алады. Одан соң тігісін ішіне қаратып, басын қондырады. Осыдан кейін мәсінің қонышын тігеді. Мәсінің қонышын қусырғанда тігістің арасына жіңішке сызық салады.

Мәсі – әрі жеңіл, әрі жұмсақ аяқ киім. Ол әсіресе тазалық үшін аса қолайлы. Соңғы жылдары жергілікті кәсіпорындар мәсіні көптеп шығаратын болды. Аяқ киімнің бұл түріне деген сұраныс жылдан-жылға көбейе түсуде.



Тымақ

Тымақ – мал, аң терісінен тігілетін қыстық бас киім. Төрт сайлы, биік төбелі, мол пішілген маңдайы, екі құлағы және желкені жотаға дейін жауып тұратын артқы етегі болады.

Тымақтың сырты дүрия, шағи, пүліш,
барқыт, т.б. матамен тысталады.

:



Әйелдердің киімдері

Қамзол

Көйлек

Тақия

Сәукеле

Желек

Кимешек

Жаулық



Көйлөк

Көйлек – әйелдерге арналған киімнің бір түрі (Қазақстанның кейбір аймақтарында ерлер жейдесін де көйлек деп атайды). Қыздар мен әйелдер көйлегін бүрмелі, қос етек, тік етек, үш етек, көп қатарлы деген бірнеше түрге бөледі. Қос етек көйлек бір етектің үстіне бір қатпар етек қосылып тігіледі. Көп етек көйлекке екі, үш етек қосып тіккен. Кең етекке ештеңе қоспай тігіледі. Тік етек, кең етекті көйлекті қарт әжелер, бүрмелі көйлекті көбінде орта жастағы әйелдер, қатарма, таспа жүгірткен бүрмелі, қос етек көйлекті жас келіншектер мен қыз балалар, етегі үш қатпардан көп қатарма қатпарлы көйлекті жаңа түскен келіншектер мен бойжеткен қыздар киеді. Етегінің қатпарына сай жеңіне де қатпар түсіріледі. Тана, шытырма, жармалармен сәнделеді. Көйлектер тігілген матасының түріне, мақсатына (күнделікті киілетін көйлек, жиын-тойға арналған «кештік» көйлек, т.б.) байланысты да бөлінеді.





Төрехан Фатима Ғалымқызы

3-сынып



Тақырыбы: Менің бар бақытым - қасиетті Отаным

Секция: «Менің елім - мәңгілік ел»

Жетекшісі: Асаубаева Айгул Есимкуловна

Өтетін орны: Ш Уалиханов орта мектебі

2016 жыл

Түйіндеме

1. Аты – жөні: **Төрехан Фатима Ғалымқызы.**

2. Туған күні, жылы: 13. 06. 2008 жыл

3. Ұлты: Қазақ

4. Жынысы: қыз бала

5. Пәнге қызығушылығы: математика, әдебиеттік оқу, дүние тану.

6. Басқа дағдылары: Кітап оқығанды, сурет салғанды, ән айтқанды.

7. Мақсаты: Білімді де, білгір болу.

8. Мекен жайы: Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы

Әбжапар ауылы Т.Бокин көшесі №6

-2-

Аннотация

Зерттеу жұмысының тақырыбы:

Менің бар бақытым - қасиетті Отаным

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

«Отан» ұғымы –адам жанына жылылық ұялататын өте ыстық ұғым.Қай кезеңде болмасын алыста жүрсе елін, туған жерін сағынбаған жан болмаған.Туған жерге деген сүйіспеншілігін музыканттар көркем музыкамен,суретшілер әсем бояумен, ал ақындар жыр жолдарымен, өлеңмен өрнектеген.

Қазақстан тәуелсіз мемілекет.Тәуелсіз болу дегеніміз- ешкімге бағынышты болмай, өз еркімен өмір сүру. Әркімге туған жері қымбат.Үш жүз жылдай уақыт туған жерін қорғап,оның еркіндігі үшін күрескен еліміздің тәуелсіздік туын желбіреткеніне міне 25 жыл толды.Қазір біздің еліміз басқа елдерге тәуелсіз Қазақстан Республикасы ретінде танымал. Елімізде 120 - дан астам ұлт өкілдері өзара тату өмір сүреді. Қазақ халқы осы достықтың негізі болып табылады. Қазақстанның әрбір азаматы өзінің ана тілінде сөйлейді,өз халқының мәдениетін дамытады.Өзінің Отанын,туған жерін гүлдендіру үшін еңбек етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, еліміздің даму тарихы туралы,тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін, зерделеу.

Зерттеу жұмысының міндеті:

- Отанын, туған жерін сүю,келекшекке сеніммен қарау.
- Қазақ халқының тарихын,ұлттық мәдени мұрасын құрметтеу.
- Тілімізбен тарихымызға құрметпен қарау.
- Еліміздің байлығын қорғауға, өркендетуге үлесін қосуға бейімдеу.

Зерттеу нысаны: «Менің елім - мәңгілік ел»

Болжам: Отанымыз өркендеп, алпауыт елдің қатарынан көрінеді.

Мазмұны

I. Кіріспе.....	4-5
-----------------	-----

Зерттеу бөлімі:

II. Негізгі бөлім.....	6
2.1 Тарих беттерін парақтасақ.	7-8
2.2. Желтоқсанның жемісі -Тәуелсіздік.	9-10
2.3. Мың жаса, тәуелсіз қазақ елі.	11-12
2.4. Қазақстан тәуелсіздігі мәңгілікке	13-15
III.Қорытынды.....	16
IV.Пайдаланылған әдебиеттер.....	17

I. Кіріспе

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел **тәуелсіздігі** мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Адамзат жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік ала қызбалыққа ұрынып, еліре аттапты. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Тәңірім, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық табалдырығынан аттап отырған біздерді де қай-қайдағы әулекіліктерге ұрындырмай, етек жиып, ес түгендеп алуымызға мұрша бергізгей. Алтын уақытымыз тәуелсіз елдік бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейміз.

Тәңірегімізге осы тұрғыдан көз тастасақ, көкте бір тәңірге, жерде бір өзіңе ғана сеніп, көреміс жарықты көріп, бұйырмыс ырзықты татып, сүйгізген ұрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмырға пейіл болудан басқаның бәрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастағандай. Оған да «шүкір» дейміз. Көңілге медет қыларымыз тек бір бұл емес. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты.

Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден–ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын жеңуі сақ қызы — Тұмар падишаның ерлік істері. «Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар?!» деп тұрсыңдар ғой... Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді-жерімді қорғадым, — деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғағаны сөзсіз.

«Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» — деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан, ержүрек батыр қыздардың Қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз, ерліктеріне сүйсіне қараймыз.

Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды...

Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр.

Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық — бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқндап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан- Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

II Негізгі бөлім

2.1. Тарих беттерін парақтасақ.

Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық –бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқндап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан- Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз. Халық басына осындай қиын-қыстау заман зары туған шақта, Қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды.

Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірін қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдейді. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ол кезде Отанымызда кеңестік кезең орнаған еді. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Бұл эксперименттердің басты бағыттары мынадай болды: ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және соның негізінде байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою; аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (бұл шара негізінен колхоздарға зорлап кіргізілген шаруаларды аяусыз қанау есебінен жүргізілді); мәдени-рухани салада, демографиялық саясатта, ұлт мәселесінде жергілікті (ұлт аймақтарындағы) халықтарды орыстандыру; қоғамдық саяси өмірдің негізгі салаларында тек қана коммунистік идеологиялық үстемдігін орнату.

Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады; қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды...

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз» деп жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз? - деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді.

Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арман-ды. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына бірікендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қияндағы Шәкәрімнен бастап қаладағы Қазақ оқығандарын түгел қырды. Мұстафа Шоқай шетел асты... Алашорда партиясына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов ғана аман қалды... Алаш деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көрінішті сөзге айналдыруға тырысушылардың «еңбегі» зая кеткен жоқ. Әлі күнге дейін кейбіреулер алаш дегенде селк ете қалады... Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң қара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ.

1937-1938 жылдары яғни, бір жылдың ішінде 125 мың Қазақ зиялысы қырылған. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстайтын азаматтарының бар кінәсі — көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімін жақтағандары ғана. Бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтағанымыз жөн болар еді. Осы асыл азаматтардың үзілген жас, қыршын өмірлері, орындалмаған үміттері, армандары бізге аманат сияқты болып көрінеді. «Мен үшін Отаныма адал солдат болудан артық бақыт жоқ», — деп Ислам Жеменей айтқандай, Отан қорғау жолында 1941-1945 –ші жылдары ең көп қырылған Қазақ солдаттары еді. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды. Осыншама нәубеттің ішіндегі ең сұмдығы – 1949 жылдан Қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. Қазақ қоян құрлы болған жоқ. XX ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел Қазақ көрген азапты көрген жоқ.

Аяулы Отаным — Қазақстан – ядролық қарудың қасіретін әлем бойынша ең көп тартқан ел. Оның талай ғасырға жететін тарихын қозғасак, бабалардың басынан кешкенін көзге елестетсек, көздің жасын тия алмаспыз. Қазақстан ядролық инфрақұрылымнан құтылуды әлемге айғақ еткен, әлемге Қазақстанды бейбітшілікті сүйетін ел ретінде танытқан, еліме тәуелсіздіктің туын желбіреткен елбасы Нұрсұлтан ағамызға алғысымыз ұшан-теңіз. Атом сынағынан аман өттік, бұл заманға да жеттік. Аяулы Отаным — Қазақстан жерін бабаларымыз ерлікпен қорғап бізге қалдырған, кейінгі ұрпағыма «Асыл мұрам, ал балам» деп айту үшін, бізге тұтас уланбай, жоғалмай, өртенбей, сынбай-жанбай, ауыр азап, қиын-қыстау кезеңдерді бастарынан өткізген екен. Халқымыз сол заманнан бері –ақ, елінің елдігін, жерінің байлығын сақтап қалу

жолында талай ержүрек, ақылды, шешен де білгір азаматтарының бастауымен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген қағидаларды сақтап, «Абылайдың ақ жолы»,

-7-

«Нұрсұлтан ағамыздың нұрлы шапағатына» ұласып отырғанын көріп отырмыз. Әрбір адам баласын тіршілік етіп, өзін-өзі асырап отырғаны, ұрпағын қалдырып, дамып жатқаны осы Отанның арқасында. Отан сүйгіштік кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен өмір тәжірибесін халық мүддесінің игілігіне, кір жуып кіндік кескен жеріне деген ыстық махаббаты оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім.

Мәселен, М. Әуезов «Отан –анам. Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», дейді. Ал, В.А.Сухомлинский: «Отан — өз бесігің, өз үйің, өз бесігіңді ұмытпа», - дейді. К.Г. Паустовский: «Адам жүрексіз өмір сүре алмайтын болса, Отансыз да өмір сүре алмайды.», — дейді. И.С. Тургенев: «Отансыз бақыт жоқ, кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы — туған жер», — дейді. Ал, Ж.Ж. Руссо: «Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған», - дейді. Ф.М. Достоевский: «Өз Отаныңның мүддесін қорғап, өміріңді құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ», — дейді. Л.Н. Толстой: «Отан халықтың өткені мен бүгіні және келешегі», — дейді. Осындай небір ұлағатты, қасиетті сөздер көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа рух берері сөзсіз. Қаны қандас, тілі тілдес, дініміз де тіліміз де бірдей бауырлас аға мыз Расул Гамзатов өзінің әкесінде Шамильдей ерлерінің бір хатының сақталғанын айтады. Онда былай деген екен: «Менің таулықтарым! Өздеріңнің жалаң жабайы жартастарыңды сүйіндер, оны сақтаңдар, ол үшін күресіндер. Сендердің қылыштарыңның шыңылы менің бейіттегі ұйқымды тәтті қылар».

Қайсар ар-намысты аға ұрпақ кеңес үкіметі жылдарында, атап айтқанда, 1929-1931 жылдары, Қазақстанды күштеп ұжымдастыруға қарсы 370-тен астам көтерілістер мен әртүрлі деңгей мен көлемдегі қарулы қарсылықтар ұйымдастырды, ал, 1917 жылғы Қазан революциясына дейін халқымыз отарлық езгіге қарсы 400-ден астам көтерілістерге шығып, наразылықтар көрсетті. Осындай азаттық күрестің басында халқымыздың ортасынан қайнап шыққан ірі-ірі тұлғалар болды. Солар көрсеткен үлгі, сеппен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда жаңғыруына әкелді.

2.2. . Желтоқсанның жемісі –Тәуелсіздік

Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді. 1986 жылғы желтоқсанда елде жария етілген қайта құрудың 20-шы айы өтіп жатқанды. Құқықтық мемлекет құрамыз дегенге сеніп, Горбачевтік «сәуір тезистерінің» тың идеяларымен жігерленген Қазақ жастары орталықтың бұрынғыша өктемдігіне келіспеушілігін білдіруге митингілер, шерулер өткізіп алаңға шықты. Қылышынан қаны тамып, жарты әлемді билеп тұрған қызыл империя кеңестік коммунистік партия кезеңінде Қазақ жастарының ұлттық намысын ту етіп, отаршылдыққа қарсы алғаш жойқын бұлқыныс танытуы Мәскеудегі өктемшіл шовинистердің төбесіне жай түсіргендей әсер етті. Өйткені, уысындағы қол бала іспеттес көптеген ел бұдан «үлгі-өнеге» алып, ол өрт қаулай түссе, халдерінің мүшкілденетінінен қауіптенді. Оны олар алдын-ала сезді де, басқыншылық әрекеттерге, фашистік қатыгездік қадамдарға да көз жұма барды. Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың тілектеріне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, бас-көз жоқ ұрып соқты. Кремльден кесепатты бұйрықтың пәрмені солай аласапыран құбылды.

Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі кеңес одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдісінің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Белгілі ән-өлеңінде айтылғандай, «желтоқсан гүлді солдырып, нұрды оңдырып, көңілде мұңды із қалдырып» қана қойған жоқ, сонымен бірге және ең маңыздысы – халқымыздың ең алдымен жас буынның ұлттық санасын оятумен, ұлттық намысын көтеруінде болды. Ол еліміздің тәуелсіздік алуының алғы шарттарын дайындауға қызмет етті.

Қатыгездігі мың батпан солақай саясат орын алған соң, жүздеген еркіндік аңсаған ақ ниетті жас азаматтар алаштың арманын асқақтатып, кеудем соқтықты көксегендерге ойсырата соққы жасады. Мұндай тегеурінді қарсылықтың болуы тиіс емес деп есептейтін кеудесіне нан піскен КОКП төбе шашы тік тұрып, «бұл нағыз Қазақ ұлтшылдығы» деп апыл-ғұпыл баға беріп тастады. Олар үшін, әрине, бұл оп-оңай шаруа. Ал, сонда халық намысын қайда қоймақпыз? Орталық партия комитетіндегілер Қазақ жастарының Республика алаңына шығуын нашақорлардың, маскүнемдердің әрекеті деп,- жалпақ жұртқа жария етті. Уақыт өте өздері ушықтырып, күш қолданғандықтарын бүркемелегісі де келді. Бұл үлкен оқиғаны тентектік әрекетке балауы көрсоқырлық еді.

-9-

Көп ұзамай шындықтың бет пердесі ашылды. Оған көзі жеткен кеңес одағының тізгінін ұстаған серкелер «қазақ ұлтшылдығы» деген КОКП шығарған қаулының, яғни, қазақ халқына жабылған жаланың күшін жоюға мәжбүр болғаны белгілі. Жазықсыз, қиянатпен жоғары оқу орындарынан шығарылған, сотталған сан мыңдаған қыз-жігіттер кейін ресми ақталды. Бірақ, олардың жүректерінде қалған қаяу, сызат-дақ кете қойды ма екен?! Талайы зардабын шегіп, қасіретін тартты. Қаншама өрімдей жасөспірімдер қанаты қайырылса да намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Бірақ, сырын сыртқа шығармай, шерін тарқата алмай іштен тынды. Заман райы солай болды. 1991-жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Шын бағасын иеленбеген желтоқсан көтерілісін жай оқиға деу қиянат екенін дауыстап айтуға мұршамыз келеді. Мұстафа Ататүрік айтқандай, «шынжырларды балқытып, тәжбен тақты күйрететін күшті нұр - ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті».

1991 жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Әрине, карапайым ұғымда. Ал, мұны дүниенің жаратылысымен тарих дөңгелегінің заманалар белесіндегі қасиетімен даралап айтсақ, Қазақстан тарихында бұл дата ешқашанда ұмытылмайтын, бақытты баға сымен халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалары анық.

Тәуелсіздік — халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік — халықтың тойы, елдің тойы. Қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой.

«Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау жылдардың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» — деп, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі

ретінде демократиялық өрениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзімнің куәгер болғаным – мен үшін шексіз қуаныш. Мен өз халқымның ешкімге нақақ қиянат жасамағанын мақтан етемін, ал, қиянат жасамағанға Алланың көзі түзу. Біздің қолымызда қанның емес, тердің иісі бар. Демек, біз — жасампаз халықпыз.

-10-

2.3. Мың жаса, тәуелсіз қазақ елі.

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды еткей!

Енді асқақ Отан деген ұғымға кең құлаш жайып бір тоқталып кетейінші. Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды...

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал

жиырманасыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді. Қазақстан — Қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері. Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір-бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай-талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениеті мен діні жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін Қазақстандық телімі болған. Қазақстанның табиғаты таңғажайып: мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқындары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Қазақстан картасы – қазына картасы қазір. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да Қазақ жерінің топырағында тұнып жатыр.

-11-

Дала төсінде жаңа өмір шуағын төгеді. Оның бауырындағы буырқанған жасампоз өмір тіршіліктің тоқтаусыз соғып жатқан жүрегіндей. Ғылым адамзатқа қанат бітірді, ғаламат істерге бастады, ғажайып жаңалықтар ашты. Соның куәсі – адам көкзеңгір ғарышқа қадам басты, айға қонды, жұмыр жерді аялай айналып ұшты. Ал ғарышқа жол – Байқоңырдан от алғанын мақтан етпейтін кім бар? Ғарышқа қадам жасаған елдер қатарында біздің еліміздің де еңсесі биік, жалауы жоғары. Ғарышта елдің намысын мәртебелеп мерейін асырған, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов егеменді елдің ғарышкерлері. Сондықтан ғой қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбатты, ең қасиеттісі, ең аяулысы – Анасына балайды. Ғаламындағы ғажап тіршілігінің қасиетті мекенін сүймейтін адам болмайды. «Отан – оттан ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» — деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр: «Отаның үшін отқа түс күймейсің», — дейді. Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл – қыздары толып жатыр. Олар – атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата-

бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар.

Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекет болып атап өткеніміз- елдігіміздің уығының нық бекіп, тәуелсіздігіміздің нығая түскендігінің белгісі. Аталған әлем жұртшылығы сауын айтқан бұл дүбірлі тойда Елбасының сөйлеген сөзі даңқымызды асырып, дәрежемізді көтеріп тастағаны анық. Мемлекет басшысының ойы- қазақ халқының ойы. Ол жерімізді Ұлы Дала, ал сіз бен бізді Ұлы Дала ұрпағы деп бекерден бекер атаған жоқ. Кәрі тарихтан білетініміз, Еуразияның кіндігіне қазық қаққан Қазақ жұрты- Түркі әлемінің мұрагері, ал оны жайлаған Үш Жүздің баласының Ұлы Дала ұланы болуы заңдылық деп білемін.

Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен тараған, ана сүтімен дарыған. Отан ұғымы – қандай кезде де, қандай қиындық пен қуанышта да, тіпті отаршылдықтың тар қапасында тұншығып жатқанда да, ел басына күн туған аласапыран шақтарда да, және бүгінгідей тәуелсіздіктің бейбіт те шуақты күндерінде де — әрқашан да бәрінен де биік тұрады.

2.4. Қазақстан тәуелсіздігі мәңгілікке



Қорытынды

Қазақ халқының қол өнері көне заманнан тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшығы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қол өнерімен де ұштасып жатыр. Қол өнерінің басты бір саласы – киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында ойын-сауыққа пайдаланады (қалыңдыққа сәукеле кигізу), сондай-ақ көпшілігі театрлардың арнаулы тапсырысы бойынша тігіліп жүр. Алматыдағы «Қазақстан» дүкенінде, облыс орталықтарында ұлттық киімдер (шапан, мәсі, бөрік, қамзол т.б.) сатылады. Қазақтың ұлттық киімдері – Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі ел қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктерімен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасты. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз.

